

Жекешелендірудің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2000 жылғы 18 қазан N 1556

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 заң күші бар Жарлығына сәйкес, "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 қарашадағы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :
1) < * >

2) "Маңғыстаумұнайгаз" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін (бұдан әрі - "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ) жекешелендірудің жеке жобасы б е к і т і л с і н .

Ескерту. 1-тармақтың 1)-тармақшасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.12.23. N 1345 және 2002.12.26. N 1371 қаулыларымен.

2. "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру жөніндегі комиссия қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген мерзімдерде сауда-саттықтар қорытындысы бойынша "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ акцияларының мемлекеттік пакетін сатып алу-сату шартына қол қойсын.

4. "Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 25, 234-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасында:

5.1. "Көгілдір фишкалар" акцияларының мемлекеттік пакеттерін жекешелендіру" бөлімінің алтыншы абзацы алынып тасталсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 18 қазандағы
N 1556 қаулысымен
бекітілген

Акцияларының мемлекеттік пакеті жеке жоба бойынша жекешелендірілетін аса ірі және бірегей акционерлік қоғамдардың тізбесі

Ескерту. 10-жол алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.04.07. N 464 қаулысымен .
Ескерту. 8-жол алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.10.11. N 1315 қаулысымен .
Ескерту. 6-жол алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.12.29. N 1760 қаулысымен .
Ескерту. Тізбе алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.12.23. N 1345 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 18 қазандағы
N 1556 қаулысымен
бекітілген

"Маңғыстаумұнайгаз" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендірудің жеке жобасы

Осы Жеке жоба (бұдан әрі - Жоба) "Маңғыстаумұнайгаз" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) акцияларының мемлекеттік пакетінің (бұдан әрі - ММГ мемпакеті) саны 3 268 381 (үш миллион екі жүз алпыс сегіз мың үш жүз сексен бір) данадағы 30 (отыз) пайызын жекешелендіруді реттейді. Жоба:

- Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 заң күші бар Жарлығына ;

- "Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683 қаулысына ;

- "Жекелеген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру жөніндегі кеңесшілерді таңдауға арналған тендер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 985 қаулысына сәйкес;

және 2000 жылғы 31 қаңтарда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мен "IDEY, Ltd" компаниясы арасында (бұдан әрі - Кеңесші) ММГ мемпакетін жекешелендіру жөніндегі қызметтер кешенін көрсету келісімі жасалғаны назарға алына отырып, әзірленді.

Жоба мынадай іс-шаралар жоспарын жүргізіп жүзеге асырылады:

1. Қоғамның қызметі мен бәсекеге қабілеттігін мынадай іс-әрекеттердің жүзеге асырылуын қамтитын жан-жақты талдау:

өндірістің жай-күйі, ықтимал өндіру мен қоры, Қоғам туралы қаржылық және

құқықтық ахуал жайында жалпы түсінік алуға мүмкіндік беретін бастапқы деректер ж и н а у ;

олар бойынша ММГ мемпакеті ықтимал инвесторлар үшін қызығушылық тудыратын артықшылықтары мен себептерін жан-жақты талдау: жекешелендірудің жоспары, ММГ мемпакетін ықтимал сатып алушыларға қойылуы мүмкін талаптар;

халықаралық сатып алу-сату ұсынысы үшін ММГ мемпакетін жекешелендіру және Қоғамның қызметі туралы жалпы түсінік алуға мүмкіндік беретін маркетинг алдындағы құ ж а т т а р д ы ң п а к е т і н ж а с а у ;

маркетинг алдындағы құжаттардың пакетін тарату және мұнайгаз секторында танылған операторлар болып табылатын ықтимал шетелдік және отандық инвесторлармен және басқа да мүдделі тұлғалармен әлемдік және жергілікті деңгейде байланыстарды анықтау және орнату жөнінде барынша күш-жігермен мүмкіндіктерді п а й д а л а н у ;

ММГ мемпакеті үшін ең жоғары бағаға қол жеткізуге және қатысты Қазақстан Республикасының мүдделері сақтау мәселелері бойынша ММГ мемпакетін сатуға мүдделілік танытқан компаниялармен келіссөздер жүргізуді Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасы шеңберінде сатуды жүзеге асыру; келіссөздердің қорытындысы бойынша ықтимал сатып алушылардың тапсырыстар к і т а п т а р ы н ж а с а у .

2. ММГ мемпакетінің құнын бағалауды Кеңесші ұсынады.

3. ММГ мемпакетінің сатылуға жататын мөлшері - Қоғам жарғылық капиталының 3 0 % - ы .

4. Акциялардың бақылау пакеті жеке меншік иесінде екенін ескере отырып, Қоғамның болжамды ұйымдық-құрылымдық, технологиялық және басқа қайта құру жүйесін жүргізу талап етілмейді.

5. Сатушы Кеңесшінің ұсынымдары мен ММГ мемпакетін жекешелендіру жөніндегі комиссияның шешімдерін ескере отырып, ММГ мемпакетін жекешелендірудің түрін және қатысушылар арасынан ММГ мемпакетін сатып алудың неғұрлым тәуір шарттарын ұсынған жеңімпазды анықтасын.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 18 қазандағы

№ 1556 қаулысына

қосымша

"Маңғыстаумұнайгаз" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру жөніндегі комиссияның құрамы

Есенбаев Мәжит Төлеубекұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, төраға

- Өтепов Эдуард Карлович - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары
- Ыбырайымов Серікхан - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Уәлиханұлы Өндірістік бөлімінің меңгерушісі
- Котенко Наталья Леонидовна - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Экономикалық бөлімінің меңгерушісі
- Құзытбаева Ажар Қылымбекқызы - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі
- Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі
- Андрюшенко Александр Иванович - Қазақстан Республикасының Экономика вице-министрі
- Досаев Ерболат Асқарбекұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
- Нұрпейісов Қайрат - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс вице-министрі Айтмұхамбетұлы
- Үжкенов Болат Сұлтанұлы - Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау вице-министрі
- Жолдасбеков Азамат - Қазақстан Республикасының Бағалы Мырзаданұлы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының төрағасы
- (келісім бойынша)
- Қуанышев Дулат Оразбекұлы - Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігінің төрағасы